

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 974 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 16 сәуір N 450. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1747 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын тауарларға және құмар ойындар бизнесіне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 974

P950974\_

қаулысының қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 281-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

"Спирттің барлық түрлері (ликер-арақ бұйымдарын, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар, шарап, бальзам жасауға арналып Қазақстан Республикасының тауар өндірушілеріне босатылғаннан басқа (олардың аталған өнімдерді өндіруге құқық беретін лицензиялары болған жағдайда) 3,5 экю/литр" деген жолдар мынадай редакцияда берілсін:

"Спирттің барлық түрлері (ликер-арақ бұйымдарын, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар, шарап, бальзам жасауға арналған емдік препараттар даярлауға арналып Қазақстан Республикасының тауар өндірушілеріне босатылғаннан басқа (олардың аталған өнімдерді өндіруге құқық беретін лицензиялары болған жағдайда) 3,5 экю/литр"  
Өңделмеген этиль спирті 0,1 экю/литр

2. Осы қаулы 1996 жылғы 20 сәуірден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК